Босанғаннан кейінгі кезеңде дереу медициналық көмек қажет болатын белгілер:

- қызыл түсті, ұйыған түйіршіктері бар қанның көп бөліне бастауы (бір сағатта бірнеше гигиеналық төсемді ауыстыруға тура келеді)
- жыныс жолдарынан іріңді, исі жағымсыз бөлінділердің шығуы құрсақтың төменгі тұсының қатты ауыруы
- дене қызуының 38ºС және одан жоғары көтерілуі
- операциядан кейін құрсақтың алдыңғы тұсында немесе жырмаш аумағында ауырсынушылықтың, сұйық бөлінділердің пайда болуы
- сүт бездерінің қатқылдануы, ауырсынушылығы, қызаруы

Әр әйел өзінің жүктілігіне жауапкершілікпен қарауы тиіс, бұл оған ана болу мен дені сау баланы дүниеге әкелу бақытын сыйлайды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы
Мекен-жайы: Алматы қ., Қонаев көшесі, 86
байланыс. тел.:291-61-18
www.hls.kz

тегін таратылады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЖҮКТІЛІКТІҢ МАЗАСЫЗДАНУ БЕЛГІЛЕРІ

ЖҮКТІЛІКТІҢ МАЗАСЫЗДАНУ БЕЛГІЛЕРІ

Жүктілік – бұл ауру емес, қалыпты физиологиялық процесс. Көп жағдайда жүкті әйелдерге медицина қызметкерлері тарапынан бақылап, кеңес беру ғана қажет болады.

Жүктілік кезіндегі арнайы емдеуді қажет етпейтін физиологиялық өзгерістер:

- таңғы лоқсу, құсу
- дәмді өзгеше сезіну
- теріде қара дақтардың пайда болуы немесе терінің күңгірттенуі
- сүт бездерінің ауырсынуы

Жүктілік үш үшайлыққа бөлінеді. Бірінші үшайлық жүктіліктің алғашқы үш айына, екіншісі – жүктіліктің 4-6 айлық кезеңіне, үшіншісі – жүктіліктің 7-9 айлық кезеңіне сәйкес келеді.

Бірінші үшайлықтың медициналық көмекті қажет ететін мазасыздану белгілері:

- тәулігіне 8-10 рет құсу
- жыныс жолдарынан қанды сұйықтың бөлінуі
- құрсақтың немесе бүйірінің қатты ауыруы, әуелі сыздап ауыртады, ал сонан кейін күшейе бастайды

Жүктіліктің екінші үшайлығындағы дереу медициналық көмек қажет болатын белгілер:

- бастың ұдайы немесе кенеттен ауыруы
- көру қабілетінің нашарлауы немесе көз алдында қара ноқаттар елесінің пайда болуы
- анық көрінетін немесе кенеттен пайда болған ісінушілік
- жыныс жолдарынан қан кетуі
- құрсақтың қатты әрі асқына ауыруы
- ұдайы құсу
- 24 сағат бойы ұрықтың қозғалмауы
- қынаптан сулы бөлінділердің шығыу (қағанақ суының кетуі)

Егер Сізде жүктіліктің үшінші үшайлығында келесі белгілердің ең болмаса біреуі білінсе дереу медициналық көмек қажет болатынын білуіңіз керек:

- жыныс жолдарынан қанды сұйықтың бөлінуі
- қынаптан сұйық бөлінділердің көп шыға бастауы (қағанақ суының кете бастауы)
- бастың ұдайы немесе кенеттен ауыруы
- көру қабілетінің нашарлауы немесе көз алдында қара ноқаттар елесінің пайда болуы
- дене қызуының 38ºС және одан да жоғары болуы
- құрсақтың қатты ауыруы
- ұрық қозғалысының әлсіреуі болмауы
- арасында 5-10 минут салып толғату